

маркерлер (10) бекітілген. Картоп бункердің (1) еңкіш түйімен сошниктің (2) және араластырғыштардың (3) көмегімен көректендіргіш шөмішке түседі де, одан көсіп алатын аппараттардың айналмалы дискілеріне бекітілген қалақшалар (6) қағып алады. Шөмішке (4) бұрышты белгіші пен шнек (5) орнатылған, олар картопты қалақшаларға бағыттап тұрады. Көректендіру шөмішінен шыққанда қысқыштар (7) қалақшаларындағы картоп түйінен қалақша сошниктің үстіне келгенше ұстап тұрады. Осы уақытта қысқыштың рычагы шинаның үстіне келеді (жүріс жолына), қысқышты қалақшадан ажыратады, сонда картоп түйіндері сошник жасаған бороздаға түседі, ал қалақша ажыратылған қысқышпен бірге тағыда көректендіру шөмішінің жаны арқылы картоп қабатына өтеді де, келесі түйінді қағып алады.

4. Сошниктің іс принципі. Сошник корпусынан тұрады, ол жебе тәрізді тұмсықпен және бүйірлік қайырмамен жабдықталған. Алдыңғы бөлігінде тыңайтқыш өткізетін канал бар. Жұмыс кезінде сошниктің тұмсығы жайпаң түп жасайды. Минералды тыңайтқыштар тыңайтқыш өткізгіштен каналға келіп түседі де, борозданың, өн бойына жайылады. Қайырмалар (11) сошниктің бүйір қабырғасынан шығып тұрады да, борозданың бүйір жағындағы топырақты тіліп, оны сошниктің ішкі жағына дақтырып, тыңайтқышты қалыңдығын 3 см етіп бос топырақпен жабады. Отырғызғыш аппараты тастаған картоп түйіндерінен қопсыған топыраққа түседі. Топырақ қабаты тыңайтқышты картоп түйнегінен бөлектеп, ол алғаш өнгенде өркеннің күйіп кетуін, ал қопсыған топырақ түйнектің борозда ішінде сырғанап, домалауын болдырмайды.

5. Сошниктің құрылымы.